

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

- жалақы туралы ережелер мен қызметкерлерге қосымша жәрдемақылар туралы ақпаратты қамтитын құжаттар;
- персонал құрылымындағы өзгерістерді, жалақының өсуін және еңбек қатынастарындағы басқа өзгерістерді көрсететін персоналды басқару туралы есептерді жатқызуға болады.

Акционерлік қоғамдағы қысқа мерзімді міндеттемелерді тиімді басқару компанияның қаржылық тұрақтылығы мен икемділігін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Жоғарыда көрсетілген көрсеткіштердің біршамасы «Самұрық Энерго» АҚ-дағы қаржылық тұрақтылыққа кері әсерін тигізуі мүмкін. Осы мәселелерді шешу мақсатында:

- ✓ салық мөлшерлемесін төмендету арқылы, салық міндеттемесінің төмендеуіне әкелуі мүмкін нұсқаларды қарастыру;
- ✓ парниктік газдар шығарындыларын азайту мақсатында өндірістік процестерді оңтайландыру мүмкіндіктерін зерттеу. Бұл тиімді технологияларды енгізуді, энергия тиімділігін арттыруды және таза энергия көздерін пайдалануды қамтуы мүмкін;
- ✓ қоғамның ұзақ мерзімді қажеттіліктерін жоспарлау, шұғыл және жоғары несие төлемдерін қажет етпеу үшін осы жоспарға сәйкес негізгі құралдарды сатып алу керек;
- ✓ кредиторлық берешекке тәуелділікті төмендететін лизинг немесе факторинг сияқты әртүрлі қаржыландыру көздерін зерттеу қажет.

Қорытындылай келе, қысқа мерзімді міндеттемелер аудиті компанияның салықтар мен басқа да төлемдер бойынша қарыздарының қаржылық есептілікте дұрыс көрсетілуін және оның ашықтығын қамтиды. Осы қысқа мерзімді міндеттемелер бөліміндегі міндеттемелерді есепке алудағы ықтимал қателіктерді, сондай-ақ алаяқтықтың ықтимал жағдайларының алдын алуға мүмкіндік береді. Инвесторлардың, акционерлердің және кредиторлардың сенімін қалыптастыруға жәрдемдесетін қысқа мерзімді міндеттемелердің аудиті компаниялардың қызметі үшін маңызды рөлді атқарады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бухгалтерлік есеп шоттарының үлгілік жоспарын бекіту туралы Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2007 жылғы 23 мамырдағы N 185 бұйрығы [Электрондық ресурс] // URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V070004771>
2. «Самұрық - Энерго» АҚ [Электрондық ресурс] // URL: <https://qsamruk.kz/kz/company/samruk-energy-jsc>
3. Самұрық Энерго АҚ-ның жылдық қаржылық есептілігі [Электрондық ресурс] // URL: <http://surl.li/nwver>
4. Системы торговли квотами на выбросы парниковых газов в Азиатско-Тихоокеанском регионе [Электрондық ресурс] // URL: https://www.economy.gov.ru/material/file/d8d7071b90d7af3818ec3a836355244f/ETS_ATP.pdf

ЖЫЛУ ЭНЕРГИЯСЫН ӨНДІРУ МЕН БЕРУ ОБЪЕКТІЛЕРІНДЕГІ ТИІМДІЛІК АУДИТІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Жартыбек Дарина Берікқызы

dzhartybek@bk.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің
Мемлекеттік аудит БББ 2 курс студенті, Астана, Қазақстан

Алибекова Балшекер Ашиқбаевна, э.ғ.к., доцент

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті,
Астана, Қазақстан

Қазақстан Республикасының отын-энергетикалық кешенін дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында электр энергетика саласы – елдің тіршілігін

қамтамасыз етудің, экономиканың жұмыс істеуі мен дамуының негізі болып табылатын және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін аса маңызды сала ретінде анықталған[1]. Оның маңызы өнеркәсіптің салаларының дамуына және өндірісті автоматтандыруға, ұлғайтуға байланысты ғылыми техникалық революция дәуірінде күрт өсті.


Электр энергиясының рөлі –өндірістер мен халықты электр энергияларымен қамтамасыз ету. Электр энергиясын өндіру және тұтыну жылдан жылға жылдам қарқынмен өсіп, әлем елдеріндегі экономиканың даму деңгейін бір көрсеткіші ретінде саналып отыр.Осылайша, электроэнергия кез-келген ел үшін экономиканың маңызды саласы болып табылады. Төменде Қазақстан Республикасының электр энергетикасының секторлары көрсетілген (1-сурет).



Сурет 1. Қазақстан Республикасының электр энергетика секторлары
Ескерту: Дереккөз негізінде авторлармен құрылған [2].

Келтірілген электр энергетика секторларының бірінші түрі «Электр энергиясын өндіру» секторына тоқталайық. Қазіргі таңда Қазақстанда жылу энергиясын өндіру секторында 37 Жылу электр орталықтары (ары қарай ЖЭО) жұмыс істейді. Қазақстанда электр энергиясын өндіруді әртүрлі меншік нысанындағы 207 электр станциясы жүзеге асырады. 2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстанның жылу көздерінің жалпы қолда бар қуаты – сағатына 37566,7 гигакалорияны құрайды.

Келесі кезекте Қазақстанның отын ретінде пайдаланылатын жылу көздерін қарастырайық (2-сурет).



Сурет 2. Қазақстанның отын ретінде пайдаланылатын жылу көздерінің үлестері
Ескерту: Дереккөз негізінде авторлармен құрылған [1].

Келтірілген мәліметтерден ең негізгі отын ретінде пайдаланылатын жылу көзі – көмір(80%) екенін, екінші кезекте табиғи газ (15%) және мазуттың да (5%) алатын орны ерекше екенін аңғаруға болады.

Еліміздегі электр станциялары келесідей жіктеледі:

- ұлттық маңызы бар электр станциялары;
- өндірістік маңызы бар электр станциялары;
- өңірлік маңызы бар электр станцияларына бөлінеді [2].

Олардың қызметінің нәтижелілігін арттыруда тиімділік аудитінің орны ерекше. Мақала көлемінің шектелуіне байланысты тек оның ерекшеліктерін зерделеп өтейік.

Біздің жүргізген зерттеулеріміз, жылу энергиясын өндіру және беру объектілеріндегі тиімділік аудиті әдетте келесі аспектілерді қамтитындығын көрсетті.

Біріншіден, энергия шығынын өлшеу және талдау. Бұл өз кезегінде жылу беру жүйесінің тиімділігін бағалауды және шығын орындарын анықтауды сонымен қатар, пайда болған залалдарды азайтудың, жоюдың стратегияларын әзірлеуді қамтиды.

Екінші аспект бұл, жылу электр орталықтарындағы өндірістік процестерді бағалау және сараптама жасау. Тиімділік аудиті жылу энергиясын тұтынатын өндірістік процестерді талдауды және энергияны тұтынуды азайту мақсатында оларды оңтайландыру жолдарын анықтауды қамтуы қажет.

Жылу электр орталықтарына жүргізілетін тиімділік аудитінің келесі аспектісі ол – жылу жүйелерін тексеру. Бұл өз кезегінде мүмкін болатын жақсартуларды анықтау үшін қазандықтардың, жылыту және салқындату жүйелерінің, сондай-ақ басқа да жылу құрылғыларының жұмысын талдауды қамтуы керек.

Төртіншіден, баламалы энергия көздерін пайдалануды бағалау. Осы тұста тиімділік аудитінің келесі бір ерекшелігі ол, аудит дәстүрлі көздерге тәуелділікті азайту мақсатында қазіргі таңдағы тенденцияларға және жағдайларға байланысты энергияның қайта жаңарту көздері: күн панельдері және жел электр станциялары секілді баламалы энергия көздерін енгізу мүмкіндігіне талдау жасай отыра, ұсыныстар беруі. Жалпы дәстүрлі емес энергия көздерін пайдаланудың негізгі ерекшелігі – олардың энергетикалық потенциалының ұдайы өндірісі жылдам және энергия шығыны да аздау болып келуінде.

Аудиттің ең маңызды ерекшеліктерінің бірі ол, аудиторлар тексеріс барысында тек тексерісті жүргізіп ғана қоймай, әрдайым осы саладағы туындаған мәселелерді оңтайландыру бойынша ұсыныстарды әзірлеуінде. Аудит нәтижелері негізінде жаңа технологияларды енгізуді, қалыпты және тиімсіз жұмыс істейтін процестерді өзгертуді және персоналды оқытуды қоса алғанда, жылу энергиясын пайдалану тиімділігін жақсарту бойынша ұсыныстар әзірлеуінде.

Келесі кезекте осы аспектілердің аудит барсында қалай көрініс табатынын Жоғары Аудиторлық Палата тәжірибесімен негіздейік.

Жылу электр станцияларын әр кезеңде тексеріп, бақылап отыру өте маңызды. Себебі, металлдар коррозиясының алдын алу, құралдар жағдайын бағалау, қауіпсіздікті қаматасыз ету және жылу электр орталықтары шығаратын зиянды ауалардың ауа массасына әсерін бағалау экожүйенің тұрақты және бірқалыпты деңгейде болуына өз әсерін тигізеді.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша 2022-2023 жылғы жылыту маусымында еліміздің бірнеше өңірде туындаған төтенше жағдайларға байланысты Жоғары аудиторлық Палата тексеру комиссияларымен бірге жылумен жабдықтау саласындағы басқару тиімділігіне мемлекеттік аудит жүргізген болатын. Тексеруге арналған аудиттің жалпы 91 объектісі болды. Оның ішінде 44-і табиғи монополия субъектісі болса, қалған 47 мекемеде аудит жүргізілген. Бюджет қаражатынан бөлінген 140000 млн теңгеден астамы және 480000 млн теңгеге активтердің пайдалану тиімділігі тексерілді. Нәтижелері келесі суретте көрсетілген (3-сурет).



Сурет 3. Жоғары Аудиторлық Палатаның жылу электр станцияларына жүргізген аудиттің нәтижесі

Ескерту: Дереккөз негізінде авторлармен құрастырылған [4].

Нәтижелері бойынша 23 млрд теңгеге қаржылық бұзушылықтар, 37 млрд теңгеге бюджет қаражатын тиімсіз жоспарлау, 117 млрд теңгеге экономикалық шығындар және жіберіп алған пайда анықталды. Жалпы, 2020-2022 жылдар аралығында жылумен жабдықтау объектілерін салуға, жөндеуге және реконструкциялауға 250 млрд теңге, соның ішінде республикалық бюджеттен 84000 млн теңге бөлінген. Өкінішке орай, бүгінде ресурстардың аз болуы жылу-энергетикалық жүйесінің қажетті «берік қорын» және апатсыз жұмыс істеуін қамтамасыз етпейтіні белгілі болды. Бұған жылу электр орталықтарының негізгі құралдарының орта есеппен еліміз бойынша 66%-ының әбден тозуы және жылу желілерінің орта есеппен 54%-ының тозуы дәлел бола алады. Жылу электр орталықтарының орташа қызмет ету мерзімі 61 жыл екенін ескеретін болсақ, онда Қазақстандағы жылу электр орталықтарының 76%-ы - 50 жылдам астам уақыт ал 24%-ы – 30 жылдам астам пайдаланып келеді. Апатсыз тоқтаулардың саны жыл сайын артып келеді. Тек 2021 жылы 2020 жылмен салыстырғанда олардың саны 22%-ға өскен. Бұл тек 1 жылға ғана. Шығарындылар мен жылу ысырабының деңгейі жоғары екені байқалады (жылуды тасымалдау және тарату кезеңінде 18% – 42%) [3]. Жылу өндіру және беру объектілеріндегі ресми ақпараттардағы аудит қорытындыларына сәйкес біз келесідей тұжырымдарға келдік.

Бірінші және ең маңызды проблема бұл, білікті кадрлардың саладағы аздығы. Бұл салаға қазіргі таңда жастардың ешқандай қызығушылығының жоқтығы, көпшілігінің басқару немесе IT салаларына қызығуы. Мәселен, Шахтинск ЖЭО персоналы 77%-ға жасақталмаған. Энергия кәсіпорындарындағы кадрлардың тапшылығына тарифтік сметамен шектелген жалақының төмен болуы өте қатты әсер етеді. Ресми ақпараттарға сәйкес, 2022 жылы «Электрмен жабдықтау, газ, бу беру және ауа баптау» саласындағы мамандардың орташа айлық жалақысы 268000 теңгені құраған. Салыстырмалы түрде өңдеу өнеркәсібінде еңбекақы 349000 теңге болған.

Екіншіден, табиғи монополиялардың жеке субъектілері жүзеге асыратын сатып алулардың ашық болмауы. Сатып алуды өткізу кезінде адал бәсекелестік жүзеге асыратын сатып алулардың ашық болмауы. Сатып алуды өткізу кезінде адал бәсекелестік және барлық өнім берушілерге тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету қағидаттары толық көлемде сақталмайды. Үлестес адамдардың тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуға қатысты шектеулердің жоғы. Сондай-ақ, тарифтік сметада көзделген тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуды бақылайтын Табиғи монополияларды реттеу комитетінің тұрақты мониторингтеуді қамтамасыз ету үшін электрондық сатып алудың коммерциялық ақпараттық жүйелеріне қолжетімділігі жоқ. Әлеуетті өнім берушілерден жазбаша шағым түскен кезде ғана бақылау жүргізіледі. Бұл жағдайға айқын көріністердің бірі, 2023 жылдың қаңтар айының басындағы «Екібастұз» жылу электр орталығындағы болған апат. Апат болғаннан кейін ғана, халық және өзге де тұлғалар ЖЭО-ның жағдайының нашар және өз кезегінде реконструкцияны қажет ететіндігін білді.

2023 жылғы 21 маусымда өткен Мәжілісте Жоғары Аудиторлар Палатасының Төрағасы Наталья Годунова елімізде жылу желілеріне және ЖЭС-на жүргізілген аудиттің нәтижелерімен бөлісіп, келесі негізгі анықталған кемшіліктерді атап өтті: орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың іс-қимылдарының үйлестірілмегендігі және жылу энергетикасын дамытуда жүйелі тәсілдің жоқтығы, жылу энергетикасын реттеу үшін толыққанды құқықтық негіздің жоқтығы. Атап айтқанда: «Салада жылумен жабдықтау жүйелерінің техникалық жай-күйі туралы толық көріністі анықтауға мүмкіндік беретін жалпы автоматтандыру мен цифрландыру жоқ. Мәселені шешу жылу энергетикасын реттеу саласындағы функциялары бір мемлекеттік органда орталықтандырудан көрінеді. Жылыту маусымына дайындық кезінде орталық және жергілікті атқарушы органдар тарапынан энергетикалық бақылаудың тиісті жүйесінің жоқтығы байқалады»[4]. Мәселен, Атырау (53%), Павлодар, Ақмола облыстарында және Абай облысында (18-ден 30% - ға дейін) дайындық паспорттарының жоқтығының ең жоғары үлесі анықталған. «Бұл ретте жергілікті атқарушы органдар паспорттаудан өтпеген субъектілерге (Абай, Ақмола, Ақтөбе, Алматы, Атырау, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Павлодар және Түркістан облыстары) әкімшілік ден қою

шараларын қолданбаған», - деп атап өтті Н. Годунова. Сонымен қоса, бұл объектілердің барлығы қысқы кезеңде дайындық паспорттарынсыз жұмыс істегені анықталды. Бұл жағдайларда, аудиторларға Кәсіпкерлік кодекстің шектеулері энергия объектілерін толыққанды бақылауды жүзеге асыруға мүмкіндік бермейді. Осыған байланысты, Наталья Годунова Жылу энергетикасы саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүргізудің жалпы тәртібінен шығуды ұсынды (Кәсіпкерлік кодекстің 129-бабы)[4].

Қорытындылай келе, жылу электр станцияларындағы (ЖЭО) тиімділік аудиті олардың жұмысын оңтайландыруда маңызды рөл атқарады. Бұл процесс электр энергиясы мен жылу өндірісінің тиімділігінің әлеуетті жақсартуларын анықтау мақсатында энергетикалық процестерді, жабдықтарды және басқару жүйелерін талдауды қамтиды. Аудит қамтуы мүмкін тиімділігін бағалауды отынның жану, пайдалану жылу энергиясын, жылуды, сондай-ақ жұмыс тиімділігі жабдықтар, осындай ретінде қазандықтар, турбиналар мен басқару жүйесі. Аудит нәтижелері отын шығынын азайту, энергия өндіруді арттыру және ЖЭО экологиялық ізін азайту бойынша шараларды енгізуге көмектеседі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының отын-энергетикалық кешенін дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы / Әділет КЗ заң порталы // [Электрондық ресурс] URL:<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1400000724>
2. Қазақстанның электр энергетикасы, негізгі деректер / Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы KEGOC // [Электрондық ресурс] URL:<https://www.kegoc.kz/electric-power/elektroenergetika-kazakhstana/>
3. Жылумен жабдықтауға жіті назар / 22 маусым 2023 ж. // Егемен Қазақстан /// [Электрондық ресурс] URL:<https://egemen.kz/article/344675-zhylumen-dgabdyqtaugha-%E2%80%9393-dgiti-nazar>
4. Жылумен жабдықтау саласындағы, жылу энергиясын өндіру мен беру объектілерінің тартылған қаржы қаражатының мақсатына сай пайдаланылуына жүргізілген аудиттің қорытындылары туралы / 21 маусым 2023 ж. // Қазақстан Республикасының Жоғары Аудиторлық Палатасы /// [Электрондық ресурс] URL:<https://www.gov.kz/memleket/entities/esep/documents/details/485988?lang=kk>

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫНЫҢ КЕМШІЛІКТЕРІ

Жеңісбекұлы Ақарыс

zhenisbekuly.akarys@gmail.com

Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ 1-курс студенті

Ғылыми жетекшісі – Алибекова А.Б.

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Мемлекеттік аудит» кафедрасының PhD, доцент м.а.

Бағалы қағаздар нарығы – бағалы қағаздардың шағарылымы, айналысы және өтеу бойынша нарық қатысушылары арасындағы экономикалық қарым-қатынастар жиынтығы болып табылады. Бағалы қағаздар нарығының мақсаты - қаржы ресурстарын шоғырландыру және оларды нарыққа қатысушылардың әртүрлі операциялары арқылы қайта бөлу болып табылады.

Бағалы қағаздар қаржы нарығының маңызды құрамдас бөлігі бола отырып, өзінің өзектілігімен ерекшелінеді. Себебі бағалы қағаздармен операциялардың дәрежесі мен дамуы елдің экономикалық даму деңгейін тікелей көрсетеді. Несие нарығымен қатар кәсіпорындарды дамытуға, өндіріс тиімділігін арттыруға, инфрақұрылымдық жобаларды қаржыландыруға, бюджет тапшылығын толықтыруға бос қаражатты жұмылдыру мен тартуда бағалы қағаздар нарығы орасан зор рөл атқарады.

Бағалы қағаздар мемлекеттің төлем айналымында және инвестицияларды